

Қарағанды облысының тілдерді оқыту орталығы 2018 жылғы 15 қаңтардан 26 қаңтарға дейін қашықтықтан қазақ тілін оқытуға арналған «Үздік презентациялық сабақ» байқауын өткізеді.

БАЙҚАУДЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ:

- қазақ тілін оқытуға жаңа инновациялық және интерактивтік әдіс-тәсілдерді енгізу әрі насихаттау
- тіл мамандарының педагогикалық тәжірибесін көпшілікке ұсыну және тарату
- қазақ тілі оқытушыларын ынталандыру
- өзара тәжірибе алмасу.

БАЙҚАУДЫҢ МАЗМҰНЫ МЕН ЕРЕКШЕЛІГІ:

- Байқау қашықтықтан өткізіледі
- Байқау жұмыстары авторлық жұмыс болуы керек;

ҚАТЫСУ ШАРТТАРЫ:

- байқауға қатысуға сұраныс толтыру
- жарнаны төлеу
- langcenterkar@mail.ru электронды поштасына сұранысты, түбіртектің көшірмесін, байқауға ұсынылған презентациялық сабақ жоспарын жолдау. Хат тақырыбына «Үздік презентациялық сабаққа балабақшадан немесе мектептен» деген сөзбен қоса аты-жөнін көрсету керек.

СҰРАНЫСТЫҢ ҮЛГІСІ

№	АТЫ-ЖӨНІ (ҚҰЖАТ БОЙЫНША)	ЖҰМЫС ОРНЫ, ЛАУАЗЫМЫ	БАЙЛАНЫС ТЕЛЕФОНДАРЫ	ЭЛЕКТРОНДЫ ПОШТА

ПРЕЗЕНТАЦИЯЛЫҚ САБАҚҚА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР:

- тақырыпқа сәйкестігі
- мазмұндылығы
- жаңашылдығы (анимация, дыбысталуы, т.б);
- сауаттылығы
- көлемі 20–30 бет аралығы
- Power Point бағдарламасымен жасалуы (Word түріндегі материал қабылданбайды)

БАЙҚАУҒА ҚАТЫСУДЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ШАРТТАРЫ:

Байқауға қатысу үшін төлем құны – **3 000 теңге**.

Байқаудың жарнасын 30 қаңтарға дейін Гоголь көшесі, 34 мекенжайында орналасқан Қарағанды облысының тілдерді оқыту орталығына төлеуге болады.

Қабылдау мерзімі аяқталғаннан кейін, жұмыстар 1 апта көлемінде сарапталады, қорытындысы 2 ақпанда шығарылып, LCK.kz сайтында жарияланады. Байқауда облыс бойынша келіп түскен жұмыстардың ең үздіктері таңдалады. Үздік презентациялық сабақтар орталықтың сайтына салынады. Байқау қорытындысы бойынша жеңімпаздарға диплом, қатысушыларға сертификат беріледі. Диплом мен сертификаттарды 2 ақпаннан бастап Гоголь көшесі, 34-үй, 5-қабат, 506-кабинеттен алып кетуге болады.

Байқауға қатысу және оның өткізілуі туралы анықтама үшін Қарағанды облысының тілдерді оқыту орталығына 56-70-84; 8 702 448-98-68 телефондары арқылы байланысуға болады.